КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

13 мамыр 2026 жыл №5930-26-00-2/606 іс Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты:
судья Д.К. Омаровтың төрағалығы құрамында,
сот отырысының хатшысы А.В.Сивакованың қатысуымен,
ашық сот отырысында талап арыз бойынша электрондық азаматтық іс қаралды:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қосбасшылығы республиқалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Kasian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП НЫСАНАСЫНА ТӘУЕЛСІЗ ТАЛАПТАР ҚОЙМАЙТЫН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co. LTD
Қазақстан Республикасы Қаржы Министірлігі Мемлекеттік Қазынашылық Комитеті

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкер өкілі Рамазанов М.Т.
Жауапкердің өкілі Лукманов Б.О.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №589 бұйрығының және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген 117 тармағының талаптарын орындау мақсатында Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы 2026 жылғы 15 қаңтарда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Бірыңғай ұйымдастырушыға– «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті» РММ-не (бұдан әрі – Бірыңғай ұйымдастырушы) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы әскери бөлімдерінің қызметтік иттері үшін 2026 жылға арналған құрғақ азықты 2 лот бойынша ашық конкурс арқылы (No No

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

81942047-ОК, 81942035-ОК) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін сатып алуға өтінім жіберілді.

Бірыңғай ұйымдастырушы 2 лот бойынша өткізген No 16174366-1 ашық конкурстың нәтижелері бойынша жеңімпаз «КазПроект НС 2030» ЖШС, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «АВИК ПЛЮС 2022» ЖШС болып анықталды.

Ашық конкурстың шағым беру кезеңінде өнім берушілер шағымдар берді, Бірыңғай ұйымдастырушымен оларды қанағаттандырудан бас тартылды.

Жеке кәсіпкер «Таджибаев» шағымына сәйкес, біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін «Kasian sian Company» ЖШС Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co., LTD компаниясының авторизациялық хатын ұсынған, онда аталған компания YOZA сауда белгісінің өндірушісі және құқық иесі ретінде көрсетілген.

Аталған авторизациялық хатта қытай компаниясы тарапынан иттерге арналған жем өндіру фактісі расталмады. Бұдан бөлек, құжатта директор ретінде көрсетілген тұлғаның лауазымы көрсетілмеген, өндіруші басшысының қолы жоқ, сондай-ақ өндірушінің мөрі түпнұсқа емес түрде ұсынылған, бұл құжаттың түпнұсқалығы мен шынайылығын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты Бірыңғай ұйымдастырушы тарапынан Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co., LTD компаниясына (2026 жылғы 24.02. No КК- 05-КК/601-И шығыс хаты) сұрау салулар жолданды.

Өз кезегінде, өндіруші Компания жоғарыда аталған өнім берушіге авторизациялық хаттар берілгенін растаған жоқ, бұл ретте Комитеттің сұрауларына өндірушілердің жауаптары әлеуетті өнім беруші ЖК «Таджибаевтың» шағымы қаралғаннан кейін (2026 жылғы 27 ақпан) келіп түсті (хат көшірмесі қоса беріліп отыр).

Талапкер 2026 жылдың 12 наурызында сотқа, жауапкердің дұрыс емес ақпарат бергенін атап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз жазды.

Жауапкердің жасаған пікіріне сай, оның іс-әрекетінде жосық жоқ болуына байланысты, жауапкер ресми веб-сайт арқылы ынтымақтастық және тауар таңбасын пайдалану мәселесі бойынша Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co Ltd компаниясына жүгінгендігіне байланысты талап арызды қанағаттандырусыз қалдыру қажет.

Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co.. LTD YOZA сауда маркасының өндірушісі және құқық иесі болып табылатыны туралы авторизациялық хат ұсынды, Қазақстан Республикасында тіркелген және орналасқан "Касиан компания" ЖШС компаниясына Yoza сауда маркасымен өнімді Қазақстан Республикасының аумағында сатуға өкілеттік береді.

Осылайша, YOZA өнімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co Ltd ұсынған өнімді қолдану жөніндегі ресми нұсқаулыққа сәйкес коммерциялық мақсаттарда пайдалану құқығын берген. Осыған байланысты жауапкер біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат бермеді деген қорытынды шығады. Сонымен қатар, талап-арызға қоса берілген Zhuhai Shengshi huizhi biotechnology Co. хатының дұрыстығына негізделген күмән тудырады, өйткені

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бұл хатта адресат жоқ, сондай-ақ жауапкердің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген.

Қазынашылық комитетінің пікіріне сай, «Таджибаев Бакытжан Кадирбекович» ЖК-тің шағымына сәйкес, «Біліктілік талаптарына сәйкестігін растау мақсатында «АВИК ПЛЮС 2022» ЖШС 2026 жылғы 09 ақпанда HAISEN HUACHONG IMPORT & EXPORT ZHUOZHOU CO., LTD компаниясы берген № HSYQP260209 авторизациялық хатын ұсынған. Өндірушінің сайтындағы мәліметтерге сәйкес, HAISEN HUACHONG IMPORT & EXPORT ZHUOZHOU CO., LTD жануарларға арналған азық пен тауарларды экспорттаумен айналысатын қытайлық жеткізуші болып табылады, яғни экспортқа өнім жеткізе алады, алайда иттерге арналған жем өндірушісі болып табылмайды.

Сонымен қатар, авторизациялық хат HAISEN HUACHONG IMPORT & EXPORT ZHUOZHOU CO., LTD қытай компаниясының директоры ретінде көрсетілген Jasson Li атты тұлғамен қол қойылған. Алайда аталған компанияның бизнес-тіркеу деректеріне сәйкес, оның құрылтайшысы, заңды өкілі әрі атқарушы директоры болып Ли Бин көрсетілген. Осылайша, авторизациялық хатқа қол қойған тұлғаның өкілеттігі құжат жүзінде расталмаған, бұл ұсынылған құжаттардың дұрыстығына күмән келтіреді.

Сондай-ақ, «біліктілік талаптарына сәйкестігін растау мақсатында «Kasian sian Company» ЖШС Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co., LTD компаниясынан алынған авторизациялық хатты ұсынған, онда аталған компания YOZA тауар белгісінің өндірушісі және құқық иесі ретінде көрсетілген.

Аталған авторизациялық хатта қытай компаниясы тарапынан иттерге арналған жем өндіру фактісі расталмаған. Бұдан бөлек, құжатта директор ретінде көрсетілген тұлғаның лауазымы жазылмаған, өндіруші басшысының қолы жоқ, сондай-ақ өндірушінің мөрі түпнұсқа күйінде ұсынылмаған, бұл құжаттың түпнұсқалығы мен шынайылығын анықтауға мүмкіндік бермейді».

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызда көрсетілген дәлелдерді келтіре отырып, талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюға берілген жауапта келтірілген дәлелдерді келтіре отырып, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлғалардың өкілдері қатыспады, сот отырысының күні мен уақыты туралы тиісті түрде хабардар етілгенімен, сот отырысына қатысқан жоқ. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабына сәйкес іс олардың қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес (бұдан әрі-Заң) шешім қабылданғаны (анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу) көрсетілген.

Заңның 3-бабы 1-тармағына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14 бабына сәйкес әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің анық емес ақпарат беруінің келесі салдарлары бар:

1. Анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

2. Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады.

3. Әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпаратты беру фактісін анықтаған уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде:

1) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғаннан кейін анықталған болса, тапсырыс берушіні;

2) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін анықталған болса, ұйымдастырушыны, бірыңғай ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте жазбаша хабарламаға осы фактіні растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Заңның 8-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес (тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті).

Бұл ретте жауапкер конкурсқа қатысу кезінде дұрыс ақпарат бергендіктен, талап қанағаттандырылуға жатады.

Қазынашылық комитетінің сұранысына берілген жауапқа сай, Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co. LTD компаниясынан алынған авторизациялық хатты ұсынған, онда аталған компания YOZA тауар белгісінің өндірушісі және құқық иесі ретінде көрсетілгенін атап көрсетті.

Аталған авторизациялық хатта қытай компаниясы тарапынан иттерге арналған жем өндіру фактісі расталмаған. Бұдан бөлек, құжатта директор ретінде көрсетілген тұлғаның лауазымы жазылмаған, өндіруші басшысының қолы жоқ, сондай-ақ өндірушінің мөрі түпнұсқа күйінде ұсынылмаған, бұл құжаттың түпнұсқалығы мен шынайылығын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сондай-ақ, авторизациялық хат HAISEN HUACHONG IMPORT & EXPORT ZHUOZHOU CO., LTD қытай компаниясының директоры ретінде көрсетілген Jasson Li атты тұлғамен қол қойылған. Алайда аталған компанияның бизнес-тіркеу деректеріне сәйкес, оның құрылтайшысы, заңды өкілі әрі атқарушы директоры болып Ли Бин көрсетілген. Осылайша, авторизациялық хатқа қол қойған тұлғаның өкілеттігі құжат жүзінде расталмаған, бұл ұсынылған құжаттардың дұрыстығына күмән келтіреді.

Сот жауапкердің дәлелдерін негізсіз деп санайды, өйткені Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік мекемесіне «AVIK PLUS 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты қандай да бір сенімхат берілмегені туралы, сондай-ақ ол Қазақстан бойынша дистрибьютор болып табылмайтындығы туралы ресми жауап берілді.

Сонымен қатар, Zhuhai Shengshi Huizhi Biotechnology Co., Ltd компаниясының жауабында, Kasian Company LLC-мен таныс еместігі және авторизациялық хат бермегені көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, сот жауапкердің дұрыс емес ақпарат бергендігіне байланысты, талапкердің талаптарын заңды, негізді және қанағаттандыру қажет деп санайды.

АПК-ң 117-бабына сәйкес жауапкер, талапкер талап арыз берген кезде босатылған, 2 162,5 теңге көлемінде мемлекеттік бажды төлеуге міндетті.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы республикалық мемлекеттік мекемесінің «Kasian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Kasian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Kasian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекетке 2162,5 (екі мың бір жүз алпыс екі) тенге (елу) тиын мемлекеттік баж салығы өндіріліп алынсын.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар шешімнің көшірмесі жіберілген күнен бастап, бір ай мерзімі ішінде Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Судья **Омаров Д.К.**

Анықтама: шешім соңғы нысанда 2026 жылдың 19 мамырында шығарылды.

Судья **Омаров Д.К.**

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 19.05.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»